



Пресс-релиз

«Қазақстан жасанды интеллект революциясын жеделдетуде: AqylTech және IT-Aiel 2025 арқылы 10 000+ жаңа маман»

«TechnoWomen» коммерциялық емес ұйымы қаржылық сауаттылықты, цифрлық дағдыларды, жаңа жасанды интеллект мамандықтарын және болашақтың басқа да құзыреттерін дамытуға бағытталған екі ауқымды білім беру бағдарламасының — **AqylTech** және **IT-Aiel** — қорытындысын шығарды. Бұл жобалар Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің, сондай-ақ «Astana Hub» IT-стартаптарының халықаралық технопаркінің қолдауымен жүзеге асырылады.

2025 жыл AqylTech пен IT-Aiel жобалары үшін серпінді өсу жылы болды. Олар Қазақстанның барлық өңірлерінен **10 000+ қатысушыны** офлайн және онлайн оқумен қамтыды.

AqylTech жобасы туралы

AqylTech — жастарға арналған білім беру бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты — қаржылық сауаттылықты, жаңа ЖИ мамандықтарын (prompt-инженер, ЖИ чат-бот жасаушы, ЖИ графикалық дизайнер, бағдарламалық жасақтама тестировщикі), сондай-ақ цифрлық гигиена мен киберқауіпсіздік саласындағы құзыреттерді меңгеру.

2025 жылғы негізгі нәтижелер:

- 6 200-ден астам қатысушы (Қазақстан және шетел: Өзбекстан, Түркия)
- 18–25 жас — 1 966 (31%)
- 26–35 жас — 3 864 (62%)
- 18 жасқа дейін — 434 (7%)
- 👉 93% — 35 жасқа дейінгі жастар. Бұл AqylTech ерте мансаптық өсуге арналған бағдарлама екенін көрсетті.

Қатысушылардың қызмет түрлері бойынша құрамы:

- Студенттер — 1 346 (22%)
- Жұмыс істейтіндер — 2 204 (35%)
- Фрилансерлер — 551 (9%)
- Кәсіпкерлер — 442 (7%)
- Уақытша жұмыссыздар — 836 (13%)
- Үй шаруасындағы әйелдер — 883 (14%)
- 👉 Әр төртінші қатысушының (27%) тұрақты табысы жоқ. Олар үшін бағдарлама — тек оқу емес, әлеуметтік қолдау мүмкіндігі.

Өңірлік қамту:

- Астана — 2 381 (38%)
- Алматы — 1 375 (22%)
- Алматы облысы — 325
- Ақтөбе облысы — 203
- Атырау облысы — 215
- Қалған өңірлер — 25-тен 187 адамға дейін
- 👉 Қатысушылардың 60%-ға жуығы екі астанадан, бірақ аймақтардың үлесі де маңызды (40%). Ең белсенді — Атырау, Ақтөбе және Алматы облыстары.

IT-Aiel жобасы туралы

IT-Aiel — әйелдерге арналған бағдарлама. Мақсаты — цифрлық дағдыларды дамыту, қаржылық сауаттылықты арттыру және жаңа мансаптық мүмкіндіктер ашу. IT-Aiel әйелдерге IT-индустрияға кіру жолын ашады: жаңа мамандықтар (prompt-инженер, чат-бот жасаушы, ЖИ-дизайнер, Бағдарламалық қамтамасыз етудің тестілеуі және т.б.), сондай-ақ киберқауіпсіздік және кибералақтықтың алдын алу дағдылары.

Бағдарлама 2023 жылдан бері іске асырылып келеді, үш жыл ішінде **18 000-нан астам қыздар мен әйелдер** оқудан өтті.

2025 жылғы негізгі нәтижелер:

- 4 000-нан астам әйел оқуды аяқтап, сертификат алды.
 - Жас ерекшеліктері:
 - 36–45 жас — 2 906 (71%)
 - 45+ — 1 173 (29%)
- 👉 AqylTech-тен айырмашылығы: IT-Aiel — 35 жастан асқан әйелдер үшін жаңа мүмкіндіктер бағдарламасы.

Қызмет түрлері бойынша құрамы:

- Жұмыс істейтіндер — 1 653 (41%)
 - Үй шаруасындағы әйелдер — 711 (17%)
 - Уақытша жұмыссыздар — 623 (15%)
 - Кәсіпкерлер — 686 (17%)
 - Фрилансерлер — 367 (9%)
- 👉 Әрбір үшінші қатысушының тұрақты жұмысы болмаған (32%). Бұл IT-Aiel әлеуметтік қолдау мен әйелдердің еңбек нарығына интеграциясын қамтамасыз етіп отырғанын дәлелдейді.

Өңірлік камту:

- Астана — 1 529 (37%)
 - Алматы — 844 (21%)
 - Қарағанды облысы — 187
 - Алматы облысы — 242
 - Ақтөбе облысы — 168
 - Батыс Қазақстан облысы — 105
 - Қалған өңірлер — 16-дан 98 адамға дейін
- 👉 Ең белсенді қатысушылар — Астана мен Алматыдан (58%). Бірақ аймақтардан келген үлес те жоғары — 42%.

Әлеуметтік әсер

- AqylTech 2025 жылы 1 600-ден астам жұмыссызға жаңа жұмыс табуға көмектесті.
- IT-Aiel 2025 жылы 1 334 әйелге мансапты қайта бастауға мүмкіндік берді.
- Қатысушылардың 70%-дан астамы бюджетті жоспарлауды және финтех-қосымшаларды қолдануды бастады.
- Жобалар туралы 500 000+ адам медиа мен әлеуметтік желілер арқылы білді.

Дәйексөздер

Азиза Шужеева, «TechnoWomen» ҚҰ басқарма төрайымы:

«AqylTech және IT-Aiel білімнің қоғамды трансформациялайтын күш екенін көрсетті. Біз жастар мен әйелдердің жаңа мамандықтарды меңгеріп, сенімді болып, еліміздің тұрақты болашағын қалыптастырып жатқанын көреміз».

IT-Aiel қатысушысы, Алматы:

«Мен үшін бұл оқу шешуші кезең болды: цифрлық маркетингті үйреніп, онлайн-бизнесімді аштым. Қаржылық тәуелсіздік пен болашаққа сенімділік пайда болды».

Конкурс нәтижелері

Бағдарлама аясында 269 қатысушыдан 305 жоба-эссе түсті. Сараптамалық іріктеу нәтижесінде жеңімпаздар анықталды.

«YASSA Educational Services» сыйлықтары:

- Executive MBA гранттары: Қанаткалиев Бағдат Мухитович
- АҚШ-тағы оқу модулі: Мырзағалиева Айдана, Мухамбеталиева Салтанат, Насырова Нургуль
- Курстарға сертификаттар: Нурмаганбетова Анар, Соловьева Татьяна, Аганина Нургуль, Алмадиева Алина, Абдурахманова Барнохон

Astana Hub:

- 100 үздік түлекке оқыту мүмкіндігі

Школа киберправа («Центр цифровых прав Казахстан»):

- Жеңімпаздар: Жумағалиева Айкерим, Тлегенова Жибек, Шарифов Алжан

Арнайы комиссия (TechnoWomen):

- Сыйлық иегерлері: Сабира Садуова, Салтанат Баименшина, Гульжанат Койгельдинова және басқалар

Жобаларды қолдаған серіктестер

- ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі
- ЦПГИ (Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы)
- Astana Hub
- ҚР Президенті жанындағы Ұлттық комиссия
- Astana IT University
- Otbasy Bank
- YASSA Education
- Әйелдер қауымдастықтары (ReWomen, TechnoWomen Mangystau және т.б.)
- Отбасы қолдау орталықтары, Жастар ресурстық орталықтары

БАҚ үшін байланыс



+7 701 522 3010



technowomen2022@gmail.com

Ляззат Калмуратова, «TechnoWomen» ҚҰ атқарушы директоры



www.technowomen.kz